



**АҚПАРАТТЫҚ ХАТ
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
"ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ЕСЕП" КАФЕДРАСЫ**

**Құрметті әріптестер, экономикалық мамандықтардың студенттері!
Торайғыров университеттің «Қаржы және есеп» кафедрасы
«Экономика, менеджмент және қаржы: перспективалық бағыттар және заманауи сын-
қатерлер жағдайында бәсекеге қабілетті даму»
тақырыбы бойынша экономикалық мамандықтар бойынша студенттердің ғылыми
жұмыстарының Халықаралық байқауын жариялайды.**

Байқауға 2-ші, 3-ші және 4-ші курстардың экономикалық мамандықтары бойынша оқитын қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарының студенттері шақырылады, олар жетекші бейінді кафедраның аға оқытушысы, доценті, профессорының басшылығымен саны 2-ден 3-ке дейінгі топ құрамында ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындайды. Кандидатураларды ұсыну құқығын жоғары оқу орындары дербес белгілейді.

Жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Байқаудың негізгі бағыттары:

1. Қазіргі заманғы сын-қатерлер жағдайында салалық және өңірлік экономика мен қаржыны дамыту.
2. Экономиканың тұрақты даму жобалары: мәселелер мен шешімдер.
3. Кәсіпкерліктің жаңа дәуірі: Индустрия 5.0 тұжырымдамасы бағытында ұйымдарды дамыту.
4. Экономиканың стратегиялық дамуы жағдайындағы бухгалтерлік есеп пен аудиттің өзекті мәселелері.

Байқау сырттай екі кезеңде өткізіледі:

- бірінші кезең - ғылыми-зерттеу жұмысын әзірлеу, дайындау;
- екінші кезең - ұйымдастыру комитетіне конкурстық құжаттаманы ұсыну, конкурстық комиссияның жұмысы (орындау мерзімі 2023 жылдың 10 сәуіріне дейін).

Байқау нәтижелері бойынша келесі бағыттар бойынша қорытындылар шығарылады:

- «Гран-при» - бір команда;
- «1-орын» - бір команда;
- «2-орын» - үш команда;
- «3-орын» - төрт команда.

Ғылыми байқау қосымша ынталандыру номинацияларын ұсынады. Жеңімпаздар мен номинация иегерлері дипломдар мен сертификаттарға ие болады.

Ғылыми байқау туралы ереже қоса берілген.

Конкурстық құжаттама мына мекенжай бойынша ұсынылады:

140008, Қазақстан Республикасы, Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64, Торайғыров университеті, «Қаржы және есеп» кафедрасы, 519-кабинет немесе

E-mail: konkurs_fef-fin_psu@mail.ru

Байланыс телефондары:

Тапалчинова А.С. Тел. +77782224979

Бекниязова Д.С. Тел. +77718016173